## Территориальная комиссия референдума Сарканского района публикует составы участковых комиссии референдума и время их работы

**Время работы комиссий референдума: с 09.00 – до 18.30 часов. Перерыв: с 13.00 – до 14.30 часов.**

**Участковая комиссия референдума № 347**
Центр: город Саркан, ул. А.Атанова, 17, КГУ «Средняя школа имени Акын Сара» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 27259.
Председатель комиссии – Жилысова Сауле Толегеновна.
Заместитель председателя комиссии – Есенгулова Нурзиля Бакытжановна.
Секретарь комиссии – Жаркенова Шолпан Омирсериковна
Члены комиссии – Станбеков Арман Армияевич, Байганышева Баян Советбековна, Тукушев Арман Балтабекович, Орумбекова Назира Темирхановна, Блискельдинова Айнур Сабитовна, Бегимбай Дастан Ерланұлы.

**Участковая комиссия референдума № 348**
Центр: город Саркан, ул.М.Ауэзова, 96, КГУ «Детско-юношеская спортивная школа Сарканского района» ГУ «Управление физической культуры и спорта области Жетісу», тел. 8 (72839) 20398.
Председатель комиссии – Тастамбеков Марат Болатович.
Заместитель председателя комиссии – Бандикова Жанна Викторовна.
Секретарь комиссии–Абижанова Гульмира Джамбуловна.
Члены комиссии – Кадырбаева Бакыт Токтаровна, Абижанова Жанар Жамбуловна, Досмухамбетова Эльмира Сейдулдаевна, Шенгелбаев Канат Байкасымович, Хамитов Ермек Сарбиевич, Серикпаева Жадра Кайратовна.

**Участковая комиссия референдума № 349**
Центр: город Саркан, ул.Чепрасова, 18, ГККП «Районный дом культуры акима Сарканского района имени Кұмана Тастанбекова», тел. 8 (72839) 21095.
Председатель комиссии – Сейденов Алішер Асетұлы.
Заместитель председателя комиссии – Абилбеков Улан Серикович.
Секретарь комиссии – Белимбаева Фатима Секеновна.
Члены комиссии – Сейполдина Айсулу Тлектесовна, Нұрдаулетов Өмір Нұрдәулетұлы, Станбекова Айман Армиевна, Койбагарова Валентина Макеевна, Кызайбаев Руслан Серикович, Шадиева Диана Ертаевна.

**Участковая комиссия референдума № 350**
Центр: город Саркан, ул. К.Сатбаева, 2, КГУ «Школа гимназия №1», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 21970.
Председатель комиссии – Сансызбаева Гулим Абиловна.
Заместитель председателя комиссии – Дубен Есен
Секретарь комиссии – Ракышева Кымбат Өмірзаққызы.
Члены комиссии – Жумагельдинова Зиякуль Абдисаматовна, Темирбаева Виктория Саятовна, Дуйсенханова Салтанат Бауыржановна, Мукатай Ерлан Абеуғазыұлы, Адильбекова Гулсара Кайратовна, Карабаева Айгуль Сабитовна.

**Участковая комиссия референдума № 351**
Центр: город Саркан, ул.Л.Хамиди, 12, КГУ «Областная вспомогательная школа–интернат №3 города Саркан», ГУ « Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 21984.
Председатель комиссии – Кудайбердиев Ерик Оразгалиевич.
Заместитель председателя комиссии – Смагулова Куралай Кажибаевна.
Секретарь комиссии – Ошаганова Эльмира Ортавна,
Члены комиссии – Шульгин Иван Сергеевич, Итжанова Гульнара Кайролдановна, Таева Гульвира Турсунбаевна, Досбаева Айгуль Окметбаевна, Абдухаликова Гульмира Балтабековна, Тукушева Гульнафис Джумакановна .

**Участковая комиссия референдума № 352 (закрытый)**
Центр: город Саркан, ул.Чепрасова, 5, ГКП на ПХВ «Сарканская центральная районная больница» ГУ «Управления здравоохранения области Жетісу», тел. 8 (72839) 21440.
Председатель комиссии – Тобышаков Бауыржан Оргыбекович.
Заместитель председателя комиссии – Оспанова Рита Мейрамбековна.
Секретарь комиссии – Айтмухамбет Сымбат,
Члены комиссии –Данабаева Аида Нурахметовна, Исабаева Дидар Аскербековна.

**Участковая комиссия референдума № 353 (закрытый)**
Центр: город Саркан, ул.Жабаева, 31, Отдел полиции Сарканского района Департамента полиции области Жетісу Министерства внутренних дел РК, тел. 8 (72839) 22572.
Председатель комиссии – Аятбеков Женисбек Аятбекович.
Заместитель председателя комиссии – Гаухарбек Инкар Мухтарқызы.
Секретарь комиссии – Шайгожанова Мадина Темирбековна.
Члены комиссии – Турганголиева Айжан Сагынтайевна, Алдаберген Молдір Сапарбекқызы.

**Участковая комиссия референдума № 354**
Центр: село Бирлик, ул.Чепрасова, 63, КГУ «Бирликская средняя школа с дошкольным мини центром» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу» тел. 8 (72839) 34266.
Председатель комиссии – Досономанова Гульмира Толеуовна.
Заместитель председателя комиссии – Молдабекова Саркыт Дарихатовна
Секретарь комиссии – Смаилова Самал Оралкановна
Члены комиссии –Нусупбаева Жания Молютхановна, Карипов Айдарбек Капалбекович.

**Участковая комиссия референдума № 355**
Центр: село Аманбоктер, ул.Смагула, 6, КГУ «Аманбоктерская основная средняя школа с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 54007.
Председатель комиссии – Сандыбаев Мырзагельды Нусипджанович.
Заместитель председателя комиссии – Жунисбекова Жанар Жарылкасыновна.
Секретарь комиссии – Садвакасов Бауржан Ермұлдаұлы.
Члены комиссии – Дуйсембеков Нуршат Дуйсембековна, Амирова Акбота Ерболовна.

**Участковая комиссия референдума № 356**
Центр: село Екиаша, ул. К.Аманжолова, 80б,Филиал №4 «Дом культуры село Екиаша» ГККП «Районный дом культуры Акима Сарканского района», тел. 8 (72839) 54086, 8 (72839) 54111.
Председатель комиссии – Жаканаев Санат Кызырович.
Заместитель председателя комиссии – Багдалин Бауржан Абилсеитович.
Секретарь комиссии – Абдугалиева Карлыгаш Саматовна
Члены комиссии – Акыбаева Алмагуль Кусайнгазиевна, Абжанова Сымбат Мырзапбарқызы, Тойчибекова Алмагуль Кабытаевна, Ержанова Жазира Танирбергеновна.

**Участковая комиссия референдума № 357**
Центр: село Тополевка, ул. Абая, 7, КГУ «Средняя школа Теректі», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 54251, 8 (72839) 29722.
Председатель комиссии – Аметова Толкын Жанузаковна.
Заместитель председателя комиссии – Федорина Марина Анатольевна.
Секретарь комиссии – Оспанбаева Алтынай Саламбековна
Члены комиссии – Токпаков Берик Маратович, Никонова Олеся Анатольевна

**Участковая комиссия референдума № 358 (закрытый)**
Центр: село Екиаша, воинская часть «Покатиловская застава».
Председатель комиссии – Тиктембаев Жандос Муратович.
Заместитель председателя комиссии – Каукенов Асет Серикович.
Секретарь комиссии – Акимов Даурен Кенжегалиевич.
Члены комиссии – Маткалиев Дастан Алтайұлы, Токтагазов Алмас Сансызбайұлы

**Участковая комиссия референдума № 359 (закрытый)**
Центр: село Тополевка, воинская часть «Тополевская застава».
Председатель комиссии – Галиуллин Галиула Жуламанович.
Заместитель председателя комиссии – Серикбай Абдихан Файзолаұлы.
Секретарь комиссии – Нұржанұлы Әділ.
Члены комиссии – Джалкибаев Руслан Санатович, Кемпиров Арай Омарович

**Участковая комиссия референдума № 360**
Центр: село Алмалы, ул. Абишева, 1 а, КГУ «Алмалинская средняя школа с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 32026.
Председатель комиссии – Имангалиев Болат Кабылович.
Заместитель председателя комиссии – Мусабаев Нурлан Галымжанович.
Секретарь комиссии – Куракбаева Дильбара Куракпаевна
Члены комиссии – Жарқынқызы Назым, Байдуалиев Данияр Қанатханұлы, Сарсембай Дархан Есімбекұлы, Тоқтарова Сауле Кыдырбековна, Елубай Жигер Жәнібекұлы, Байсалбаева Нургуль Жарылкасыновна.

**Участковая комиссия референдума № 361**
Центр: село Абай, ул.Абая, 40, КГУ «Тасарыкская средняя школа с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 34227, 34839.
Председатель комиссии – Сыдыканов Жанат Зулкакович.
Заместитель председателя комиссии – Рахатова Камал Отарбаевна.
Секретарь комиссии – Аблхасимова Сандугаш Адильхановна.
Члены комиссии – Темиргазинова Сандугаш Бахыткаримовна, Өмірбай Еркебулан Талғамбайұлы.

**Участковая комиссия референдума № 362**
Центр: село Пограничник, ул.Сатбаева, 8, КГУ «Средняя школа Жетісу с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району, Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 34203.
Председатель комиссии – Алыбаева Лязат Аблакатовна.
Заместитель председателя комиссии – Құрымбай Әсел Асанқызы.
Секретарь комиссии – Кожамсеитова Жансая Кайратовна.
Члены комиссии –Толеулиева Сандугаш Кыдыргожановна, Сансызбай Сымбат Асхатқызы.

**Участковая комиссия референдума № 363**
Центр: село Карауылтобе, ул. Бейбитшилик, 8, КГУ «Карауылтобинская средняя школа с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 34207.
Председатель комиссии – Копбаева Жадыра Турдахметовна.
Заместитель председателя комиссии – Раимбекова Жанар Абилхановна.
Секретарь комиссии – Турсинканова Айжан Амангельдықызы
Члены комиссии -Айтжанова Алия Тыныштыкбаевна, Иманжанова Айгуль Ерасильевна.

**Участковая комиссия референдума № 364**
Центр: село Кокозек, ул. Фестивальная, 5, КГУ «Кокозекская средняя школа с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 34200.
Председатель комиссии – Шопатова Акмарал Аскаровна.
Заместитель председателя комиссии – Чокенова Алмагуль Акышевна.
Секретарь комиссии – Думбаева Айнур Жексенбековна.
Члены комиссии – Рахимжанова Сағыныш Аскаровна, Тундебаева Фазилла Мукановна.

**Участковая комиссия референдума № 365**
Центр: село Койлык, ул. Макетова, 45, Филиал №2 «Дом культуры село Койлык имени К. Казыбайулы» ГККП «Районный дом культуры акима Саркандский района», тел. 8 (72839) 26545.
Председатель комиссии – Шарипова Гульзада Жаксыбековна.
Заместитель председателя комиссии – Борамбай Мерей Жанабеқызы.
Секретарь комиссии – Есиркеева Нурғаным Капышевна ,
Члены комиссии – Кыдырбекова Гульнара Болатбековна, Самигуллина Ботагоз Асылкарымовна, Денисламова Гульжаухар Тасболатовна, Кенжибаева Эльмира Канатовна, Дюсембеков Барысбек Нургалиевич, Воропаева Ксения Александровна

**Участковая комиссия референдума № 366**
Центр: село Бакалы, ул. М. Арына, 10, «Филиал №8 в селе Бакалы» ГККП «Районный дом культуры Акима Сарканского района» тел.8 (72839) 29744.
Председатель комиссии – Курмангалиева Сауле Токтасыновна.
Заместитель председателя комиссии – Мухаметкалиева Гизада Толегеновна.
Секретарь комиссии – Жанекенова Асель,
Члены комиссии – Еркасимова Лаура Ертаевна, Нагыманов Жандос Абыкенович.

**Участковая комиссия референдума № 367**
Центр: село Казыбаев, ул. Жанакурылыс, 3, КГУ «Средняя школа имени К.Казыбаева с дошкольным мини центром и Агартуиским, Таскудыкским начальными школами», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 29732.
Председатель комиссии – Кутбаева Назерке Советбаевна.
Заместитель председателя комиссии – Исмаилова Марал Муратовна.
Секретарь комиссии – Айдаулетова Галина Жумажановна,
Члены комиссии –Омарова Бибигуль Есболатовна, Молдажанова Маржан Касымхановна.

**Участковая комиссия референдума № 368**
Центр: село Таскудык, КГУ «Средняя школа имени К.Казыбаева с дошкольным мини центром и Агартуиским, Таскудыкским начальными школами», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 29230.
Председатель комиссии – Батырбекова Самал Серикказиновна.
Заместитель председателя комиссии – Имангалиева Айнагуль Серикжановна
Секретарь комиссии – Намысбекова Назым Болатбековна.
Члены комиссии – Хусайнова Айсылу Бисултановна, Абдуалиева Акбопе Темиргалиевна.

**Участковая комиссия референдума № 369**
Центр: село Карабогет, ул. Абайдильданова, 26, «Филиал №10 в селе Қарабөгет» ГККП «Районный дом культуры село Акима Сарканского района», тел. 8 (72839) 52106.
Председатель комиссии – Насырова Жанаргүл Бостановна.
Заместитель председателя комиссии – Сейтханова Гульнур Оралханова.
Секретарь комиссии –Қыдыржанұлы Ельдар,
Члены комиссии – Даулетхан Ақмарал Талғатқызы, Дюсембаев Галым Ермаханович.

**Участковая комиссия референдума № 370**
Центр: село Черкасск, ул. Ш. Койшыбекова, 120 а, «Филиал №9 в селе Черкасск»ГККП «Районный дом культуры Акима Сарканского района», тел. 8 (72839) 29116.
Председатель комиссии – Калыбаев Аскарбек Рыспекович.
Заместитель председателя комиссии – Нурпейсов Берик Сериккалиевич.
Секретарь комиссии – Ержанов Серик Молдажарович,
Члены комиссии – Корпебаева Лязат Жолдыбаевна, Кабытай Айнур Берікқызы.

**Участковая комиссия референдума № 371**
Центр: село Аккайын, ул. Мухаметжана Тынышбаева, 25, КГУ «Черкасская средняя школа с дошкольным мини ценртом и Ленинской начальной школой», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 29864.
Председатель комиссии – Качанова Галина Ивановна.
Заместитель председателя комиссии – Одинцова Любовь Андреевна.
Секретарь комиссии – Жумабекова Айгуль Жабайхановна,
Члены комиссии – Луценко Екатерина Владимировна, Одинцова Юлия Константиновна.

**Участковая комиссия референдума № 372**
Центр: село Актума, ул. Абай Кунанбаева, 91, КГУ «Средняя школа Актума с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 29352.
Председатель комиссии – Мусабаланова Іңкәр Тлеуқанқызы.
Заместитель председателя комиссии – Джумаханов Айдар Аскарович.
Секретарь комиссии – Джаксигельдинова Раушан Жақыпқызы,
Члены комиссии – Батырханқызы Меруерт, Кужисбаева Айгерим Тлеулесқызы.

**Участковая комиссия референдума № 373**
Центр: село Каргалы, ул. М.Тынышбаева, 42, КГУ «Средняя школа имени с дошкольным мини центром имени Мухамеджана Тынышбаева» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 29698.
Председатель комиссии – Калимжанов Марат Нурланович.
Заместитель председателя комиссии – Букенбаева Жанар Болатаевна.
Секретарь комиссии – Рыскельдина Эльмира Укеновна.
Члены комиссии – Абаева Гульмира Еркеновна, Омарбеков Амирхан Амирбаевич, Хасенова Жумагуль Айтмуханбетова, Хасени Бакыт.

**Участковая комиссия референдума № 374**
Центр: село Шатырбай, ул. Нугманова, 30, «Дом культуры села Шатырбай» Филиал №5 ГККП «Районный дом культуры Акима Сарканского района», тел. 8 (72839) 29549.
Председатель комиссии – Рахимжанов Шакрат Кажгалиевич.
Заместитель председателя комиссии – Бабыкова Айгуль Тлектесовна.
Секретарь комиссии – Чакенова Ултуар Каппаровна,
Члены комиссии – Бегимбетов Серик Акылбекович, Айтпосынова Раушан Келесовна.

**Участковая комиссия референдума № 375**
Центр: село Лепсы, ул. М. Толебаева, 8, Филиал юридического лица №1 «Дом культуры селоЛепсы» ГККП «Районный дом культуры акима Саркандского района», тел. 8 (72843) 21532.
Председатель комиссии – Оразгельдинов Берик Жунисханович.
Заместитель председателя комиссии– Мадыханов Сапарбек Аскербекұлы.
Секретарь комиссии – Шакиров Болат Турсумбаевич.
Члены комиссии – Байсалбеков Бекзат Советханович, Тенизбаева Зульфия Алдашевна, Калимулдинова Айганым, Бейбитова Камшат Балтабекқызы.

**Участковая комиссия референдума № 376**
Центр: село Лепсы, ул. Д. Нурпейсовой,13, КГУ «Средняя школа № 54 с дошкольным мини центром» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72843) 21255.
Председатель комиссии – Жорабекова Дина Джиханқызы.
Заместитель председателя комиссии – Мамырбеков Шалкар Токенович.
Секретарь комиссии – Тілеубай Мөлдір Тілеубайқызы,
Члены комиссии –Джапаров Сеит Кабиевич, Топпаева Айнагуль Айткалиевна.

**Участковая комиссия референдума № 377**
Центр: село Кокжиде, ул. Толебай батыра, 29, КГУ Средняя школа Ериктинская с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72843) 22380.
Председатель комиссии – Жетибаев Максат Кумашевич.
Заместитель председателя комиссии – Дукенова Жанаргуль Сериковна.
Секретарь комиссии – Балжанова Арайлым Ишанбекқызы.
Члены комиссии-Омарова Айнагуль Дюсеновна, Конратбаева Толкын Турсынбековна.

**Участковая комиссия референдума № 378**
Центр: село октерек, ул. Арына, 22, КГУ «Средняя школа имени М. Маметовой с дошкольным мини центром», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72843) 22421.
Председатель комиссии – Мухамадиев Насихат Оразович.
Заместитель председателя комиссии- Дюсембаев Дархан Берикбосынович.
Секретарь комиссии – Байбаракова Жансая Оралбаевна.
Члены комиссии-Бигожанова Шолпан Ұлановна, Касымханов Нурлыбек Кайырбекович.

**Участковая комиссия референдума № 379**
Центр: село Мукана Толебаева, ул. Мукана Толебаева, 15а, «Дом культуры села Мукана Толебаева» филиал №7 ГККП «Районный дом культуры Акима Сарканского района», тел. 8 (72859) 21404.
Председатель комиссии – Оразиманова Светлана Жамболовна.
Заместитель председателя комиссии – Мауасов Мадияр Муратханович.
Секретарь комиссии – Кожахметова Динара Токтасыновна.
Члены комиссии – Дюсембаева Жаухар Мараткалиевна, Юсупова Раушан Слатаевна

**Участковая комиссия референдума № 380**
Центр: село Ульга, ул. Байгамытова, 12, ГКП на ПХВ «Ульгинский сельский медицинский пункт Сарканского района», тел. 8 (728599) 50060.
Председатель комиссии – Жанбырбаева Динагуль Оспановна.
Заместитель председателя комиссии – Саурыкова Динара Оспановна.
Секретарь комиссии – Аскарова Жулдыз Избасаровна.
Члены комиссии – Кабкенов Женис Багдатович, Тойшыбеков Бериккали Темиргалиевич.

# Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны



**Тіл мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың руханы байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз.**



Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл – ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады.

Қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білім, мәдениеттілік, қоғамның белсенді азаматы болуы да тек тіл арқылы дамиды. Тіл, оның ішінде, біздің ана тіліелімиздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының көрінісі, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру – әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын қатайтты. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл», - деген Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекеміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мiселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан! Тіл меңгеруде ата-ананың рөлі ерекше екенін, әр отбасы уыз шағынан балаға қазақ тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің еш қиындығы жоқ. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Шынында қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ жәйт. Бірақ қазақ тілі -тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі. Мемлекет Басшысы айтқандай, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, тілімізді қадірлейік!

**Мадина АЙТОВА,**
**Мемлекеттік «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Сарқан ауданы филиалының оқытушысы.**

# ФСМС ЗАПУСТИЛ САЦ ДЛЯ РАБОТЫ С БОЛЬШИМИ ДАННЫМИ В РАМКАХ ЦИФРОВИЗАЦИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Фонд социального медицинского страхования внедряет цифровые инструменты для учета и анализа больших данных по медицинским услугам. Глава Фонда Абылкаир Скаков ознакомил журналистов с работой Ситуационно-аналитического центра и ответил на вопросы журналистов.

Фонд социального медицинского страхования Казахстана представил результаты работы Ситуационно-аналитического центра (САЦ), созданного в марте 2024 года по поручению Главы государства в рамках цифровизации системы. Центр для оперативного анализа больших данных и эффективного принятия управленческих решений объединил специалистов в области здравоохранения, экономики, статистики и IT.

На сегодня уже визуализировано около 500 ключевых показателей на более чем 1 000 дашбордах, используя такие инструменты, как Power BI, Superset и QlikSense. Аналитика охватывает данные из 18 баз, что позволяет оперативно реагировать на вызовы и улучшать качество медицинских услуг. Предполагается интеграция с 26 информационными системами.

«Важно отметить, что эффективность работы САЦ будет напрямую зависеть от прозрачности наших операций. Мы готовы к открытому диалогу с журналистами и экспертами, чтобы делиться результатами нашей работы и получать обратную связь. В этой связи сегодня с помощью инструментов САЦ мы хотели бы представить аналитическую информацию по следующим модулям: финансирование медпомощи, портрет региона и медицинской организации, портрет пациента», – отметил в приветственной речи глава ФСМС Абылкаир Скаков.

Одним из важных достижений системы ОСМС стало значительное увеличение финансирования. В 2024 году объем средств, направленных на медицинскую помощь, вырос в 2,5 раза по сравнению с 2019 годом. Более 40% этого бюджета составляют поступления от ОСМС.

В результате финансирование высокотехнологичной медицинской помощи (ВТМП) увеличилось более чем в четыре раза, а консультативно-диагностическая



помощь (КДП) – в 15 раз. При этом 80% расходов на эти направления покрываются за счет поступлений от ОСМС.

Таким образом, решается одна из главных задач внедрения ОСМС – увеличение доступа к дорогостоящей медицинской помощи большему количеству пациентов. В САЦ провели исследование соотношения затрат и поступлений по основным видам услуг. В специализированной медицинской помощи оно составило 1 к 7, а по высокотехнологической медицинской помощи – 1 к 100. Аналитика также показала, что основными донорами системы остаются трудоспособные граждане в возрасте 30-60 лет, а потребляют больше медпомощи пенсионеры и дети. То есть молодое поколение заботится о детях и старших, работает принцип солидарной ответственности.

Абылкаир Скаков также продемонстрировал принцип ОСМС «финансовая защита» на конкретных примерах.

Женщина 33 лет, работает санитаркой, в прошлом году внесла отчисления и взносы на сумму 33 051 тенге. Состоит на учете по бесплодию, детей нет. По ОСМС ей было проведено ЭКО стоимостью более 1,16 млн тенге, в целом ей оказаны медуслуги в 2023 году на сумму более 1,4 млн тенге, то есть в 44 раза больше оплаченных взносов на ОСМС.

Еще один случай. Мужчина работает в поле, имеет ИП, диагноз «Ишемическая болезнь сердца». В прошлом году внес в систему 30 710 тенге. Ему проведены две операции на сердце стоимостью более 1 млн тенге. Всего затраты на оказанную ему медпомощь составили 1,27 млн тенге, что в 41 раз больше его взносов на ОСМС.

«Женщина работает учителем начальных классов, стаж – 20 лет. Представьте, сколько было за это время поколений выпускников. У нее самой четверо детей и семеро внуков. У нее гонатроз 3 степени. Ей как учителю важно иметь здоровые ноги, потому что нужно играть с учениками в подвижные игры. Благодаря системе ОСМС ей проведены две операции по замене коленных суставов», – наглядно объяснил глава Фонда.

В заключении презентации председатель правления подчеркнул, что создание САЦ – это не просто шаг вперед для Фонда, но и шаг навстречу всем гражданам. Он выразил уверенность, что качественная аналитика поможет обеспечить эффективное использование ресурсов и в итоге повысить уровень медицинского обслуживания.

«Напомню, что 400 млн консультативно-диагностических услуг, которые оказываются ежегодно, – 400 млн жизненных ситуаций наших соотечественников», – подчеркнул Абылкаир Скаков.

**Филиал по области Жетісу НАО «Фонд обязательного социального медицинского страхования».**

# Бала тәрбиесіндегі ата - ананың рөлі

Бала барлық үлгі-өнегені өзі шыққан отбасы мен ата-анасынан алады. Оның азаматтық келбеті, мінез-құлқы жанұядағы жандардың күшті ықпалымен қалыптасады. Аяғын апыл-тапыл басқан сәби алғашқы қылықтарын ата-анасынан, аға-апаларынан көрген, үйренген үлгі бойынша жасайды. Не көрсе соны үйренуге, не естісе, соны айтуға тырысады.

Әрбір ата-ана баласының тәртіпті, кішіпейіл, еңбекке бейім боп өсуіне сәби жасынан ықпал етуі керек. Балаға жүктелетін жұмыс олардың шамасына лайықты болуы керек. Баланы 4-5 жасынан үй шаруасына көмектесуге үйреткен жөн. Мысалы ер балаларға су әкелу, малға шөп салу, қыз балаларға ыдыс-аяқ, еден жуу, үй жинау жұмыстарын тапсыру керек. Баланың тапсырылған жұмысты орындау кезіндегі сәтсіздігі үшін оған ұрсып, жігерін жасытуға болмайды, сол бала басқа бір жұмысты ұқыпты, ынталы орындауы мүмкін. Сондықтан жұмысты ата-ана әр баланың шамасына, икеміне лайықтап тапсыруы керек. Бұл жерде ата-ана жазалау, мадақтау сияқты тәрбие тәсілдерін орынды да, әділ және кішіпейілділікпен қолдануы қажет.

Еңбек баланың ата-анаға, ата-ананың балаға сүйіспеншілігін нығайта түседі. Сүйіспеншілік-адамгершіліктің алдыңғы нышаны. Адамгершілік туа бітпейді, ол тәрбиенің ықпалымен қалыптасады.

Балалардың үлкендерден көшіретінін ұмытпайық. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген осыдан қалған. Бала – біздің болашағымыз, өміріміздің жалғасы, сондықтан бала тәрбиесі ата-анадан жауапкершілікті талап етеді. Бала Отанына қызмет етсін десек, халқына адал, бақытты болып, өмірде өз орнын табуын естен шығармай, үнемі көңіл бөліп отыру қажет-ақ.

**Т.КАБДОЛДАНОВА,**
**Тасқұдық бастауыш мектебінің музыка пәні мұғалімі.**

# Маралдың мүйіз тастау кезінде қорғау жұмыстары

Қасақылық, қаскөйлік, браконьерлік – жан-жануарларды қорғау туралы заңдар мен ережелерді қасақана бұзып, аң-құс, балық аулау немесе қырып-жою, сондай-ақ тиісті рұқсатсыз, тыйым салынған жерлерде, заңсыз аңшылық құру, сирек кездесетін және бағалы өсімдіктерді жинау. Бұрынғы кезде қазақ елінде аңшылық етуге тыйым салынған. Ырым бойынша кімде-кім сайын дала сұлуларын өлтірсе, соның барлық тұқымына қарғысы тиетін болады. Осы сөздер ертеден үздіксіз айтылып келеді.

Осыған қарамастан, көптеген қаскөй пиғылдар ырымға сенбейді, сонымен қатар, жануарлар әлеміне қайтарылатын залалдың сыртында оларға тағы түрме мерзімі, яғни, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 339 бабы бойынша: «Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктерді немесе жануарларды, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз алу, иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, сатып жіберу, тасымалдау немесе жою, сол сияқты олардың мекендейтін жерлерін жою – үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады». Осы сияқты, «Ғылыми мақсаттарда пайдаланудан басқа, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жабайы жануарлардың, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға 2020 жылға дейін тыйым салуды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 шілдедегі № 969 Қаулысы осы бапты нақтылай түседі.

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының аумағында әр мемлекеттік инспектор қасақылықтың алдын алу жұмыстарын қарқынды атқаруда. Аудан, ауыл тұрғындары мен келген қонақтар арасында ұдайы үгіт насихат жұмыстары жүргізіледі, табиғат құндылықтары жайында баяндалып, әсем табиғатымыздың мекендеушілері уайым қорқынышсыз өз мекендерінде жүру үшін қолдан келер бар шараларды атқарудамыз.

Сонымен қатар маралдың мүйіз тастау кезінде филиал аумағында қасақылыққа қарсы күзету және қорғау жұмыстары күшейтіледі. Өткізіп тексеру бекеттерінде арнайы мемлекеттік инспекторлар құрамынан құралатын кезекшілік ұйымдастырылады. Марал мекен ететін аумақтарға қорғау және күзету мақсатында шолу жұмыстары күшейтіледі. Біздің міндет табиғат байлықтарын сақтап қорғау және заң бұзушылық фактілерін болдырмау.

**Ш.ДОСАНАМАНОВ,**
**«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалы**
**Басқан орманшылығының мемлекеттік инспекторы.**

# Парк аумағындағы жануарлар әлемі

2010 жылдың 30 сәуірінде ҚР Үкіметінің №370 Қаулысымен Алматы облысы аумағында Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі құрылды. 14 жыл аралығында парк аумағындағы өсімдік және жануарлар әлемі едәуір көбейіп, өңір тұрғындары және қонақтарының табиғатқа деген көзқарасы түбегейлі өзгерді. Бұған дәлел жоғалып кету алдында тұрған қар барысының саны 40-қа жуықтағаны мемлекеттік инспекторлар тарапынан өткізілген санақ жұмыстары.

Парк қызметкерлерінің мәліметі бойынша қазір Жоңғар Алатауының сілемдерінде 39 қар барысы мекен етеді. Олардың біразы парк аумағына қойылған жасырын фото және бейнекамераларға түсіп қалған. Кейбір ілбістер екі-екі аландармен таспаға ілінген. Ерекше қорғалатын аумаққа жатқызылғаннан кейін жойылып кету қаупі төнген қар барысы мен басқа да жануарлардың табиғи жолмен көбеюіне мүмкіндік туды. Жалпы Жоңғар Алатауы паркінің аумағы 356022 гектар. Алматы облысының Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының жерлерін қамтиды. Жоңғар Алатауының солтүстік жотасында батыстан шығысқа қарай 300 шақырымға созылып жатыр. Теңіз деңгейінен ең биік нүктесі Семенов-Тянь-Шанский шыңы, биіктігі 4622 метр. Жоңғар Алатауында өсетін барлық өсімдіктің 75 пайызы, яғни 2200-ге жуық түрі бар. Ұлттық парктің жануарлар әлемін қорғау және өсімін молайту бөлімінің көрсетілген есептері бойынша паркіміздің жануарлар әлемі өте бай. Бұл жерде сүтқоректілердің 52 түрі, 238 түрлі құс, бауырмен жорғалаушылардың 8 түрі және 2 қосмекенді жануар мен 2 түрлі балықты кездестіруге болады. Тіршілік иелерінің басым бөлігі бұл жерде бұрыннан мекен етіп келеді. Ал 3 жануар бұл жерге қолдан жіберіліп, көбейтілген. Мәселен ақ тин Сарқан орман шаруашылығы аумағына 1953 және 1964 жылдары жіберілген. Ал америка қара күзені Тентек өзенінің маңында арнайы зоофермада өсірілген. Шаруашылық басынан бірлі-екілі жануар еркіндікке қашып кеткен жайттар болған. Мұндағы жасырын фото-бейнекамераларға алуан түрлі аң-құстар түсіп қалып жатыр. Заманауи техника жануарларды тіркеп, оларға санақ жүргізіп, зерттеу жұмыстарын жасауға өте қолайлы. Әсіресе Қазақстанның қызыл кітабына енген 8 түрлі жануарларды қадағалауға жақсы мүмкіндік. Мысықтұқымдасқа жататын түркістан сілеусіні және сабаншы, тянь-шань қоңыр аюлары, тянь-шань арқары, тау текелер мен маралдар Сарқан филиалы Аманбөктер орманшылығында орнатылған бейнеқорын толықтыра түскен.

**А.НУРГОЖАНОВ,**
**«Жоңғар Алатауы» МҰТП Сарқан филиалы**
**Аманбөктер орманшылығының орманшысы.**

# Орманда өртке жол жоқ

Орманға ең қауіптісі - өрт, адамдар қолымен жасалатын өрт. Өрт жас талшыбықтардың өз бетінше өркен жаюына, жер қыртысындағы тұқым қорының зақымдануына, тіпті үлкен ағаштардың құруына әкеп соғады. Өртте жан-жанулар, аң-құстар құртылады.

«Жоңғар Алатауы МҰТП» Сарқан филиалының аумағындағы орман пайдаланушылар омарташы, мал жаюшы, шөп шабушы, отын дайындаушы т. б. Орман алқаптары аймақтарында әрбір азамат темекі тартқанда немесе от жағып тамақ пісіргенде үнемі сақ болуы керек. Өрт шығу қаупі туындамау үшін арнайы өрт сөндіруге арналған қалқан, онда күрек, шартылдақтар, балта, ара, су шашатын құралдар үнемі болуы шарт. «ҚР ормандарда өрт қауіпсіздігі Ережесі» бұзылған және мамлекеттік орман қоры жерлерімен тікелей жақын орналасқан жерлерде ауыл шаруашылығы жағуы жіберілген жағдайда кінәлі тұлға ҚР ӘҚБТК жауапкершілікке тартылады.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін, сол бұзушылықтар, өрт шыққан жағдайда, адамзат денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтірсе, қылмыстық жауапкершілік болмаса жеке тұлғаға 100 АЕК, лауазымды тұлғаға, шағын кәсіпкерлік тұлғаға 250 АЕК, орта кәсіпкерлік субьектілерге 1500 АЕК дейін айыппұл салынады.

Қасақана өрт жіберілген жағдайда орман алқаптары жойылған немесе зақымданғанда кінәлі тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАҢЫЗДАР!

**А.ЕСИМБЕКОВ,**
**«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ**
**Сарқан филиалының**
**Орман өрт сөндіру**
**станциясының басшысы.**

# Қазақстан– қызғалдақтардың отаны



Қызғалдақтың отаны – Голландия емес, Қазақстан. Көктем келе көңіл өсіретін жұпарлы гүлдің туған жері асқақ Алатаудың баурайы екені ғылыми дәлелденген. Сарқан қаласындағы «Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ аумағында қызыл кітапқа енгізілген қызғалдақтардың түрлері бар екені баршамызға мәлім.

Өзіміз көзбен көріп жүрген қызғалдақ болғандықтан оның құны мен бағасына мән бермейтініміз бар. Өйткені бұлардың кейбір түрі елімізде эндемик, яғни, тек Қазақстанда ғана кездесетін түрге жатады. Ал кейбірі сиреп жатқан қызғалдақтар. Екеуі де – "Қызыл Кітапқа" енген өсімдік

Қазақстанда қызғалдақтың 40 түрі таралған екен. Оның 11-і – эндемик. Ал "Қызыл Кітапқа" енгізілгені – 18 түрі. Бұлар – жойылудың аз-ақ алдында тұрған, сирек кездесетін қызғалдақтар. Табиғатқа зиян, ал мемлекетке залал келтірмес үшін мұндай қызғалдақтың түрлерін біле жүрген жөн. Оларды айыра алудың маңызы зор.

Барлық қызғалдақтар - жазғы ыстық құрғақ, қысы суық және қысқа жылы және ылғалды бұлақтары бар таулы, далалы және шөлді аймақтарына өмірге бейімделген типтік эфемерлік геофиттер. Қызғалдақтың тұқымнан гүлденген өсімдікке дейін дамуы үшін үш-жеті жыл қажет. Нарциcстен айырмашылығы, шамдардың буындары жыл сайын өзгеріп отырады.

Өсімнің қысқа көктемгі кезеңінде қызғалдақтар гүлдейді, жеміс береді және жер астында жас баданалары салады, ал әлсіреген баданалар өледі. Жазғы тыныштық кезінде, ал кейбір түрлерінде қыста келесі жылы өсінділер мен гүлдер шамның ішінде де қалыптасады. Күзде шам тамыр жайып, жемісті аяқтайды.

Қызғалдақ – өте нәзік гүл. Өсуі мен тарауы, жеміс беруі мен тұқым тастауына ұзақ уақыт кетеді. Қызғалдақ гүл тұқымдастары сияқты бадананмен көбеймейді.

Қызғалдақтың пайда болу орталығы Орта Азия болып есептеледі. Оның көп бөлігі шөл, айнала тау жүйесі қоршап жатыр:ортасында - Копетдаг, Ауғанстан шекарасына дейін Памир-Алай таулары, оңтүстік шығысында -Тянь-Шань. Үндістанның солтүстігінде, Ауғанстанда, Кавказ тауларында, Сирия мен Ливан шекарасында, Қара, Каспий және Жерорта теңізі маңында жабайы қызғалдақ түрлері өсетін оқшау ошақтары белгілі. Қызғалдақтардың экологиялық ауқымы өте кең. Бір түрі сусыз құмды және тасты шөлдерде, гипсті және сазды топырақта өссе, басқалары аңғарларда немесе тау етегінде, шөгінді тастарда, аяқ жетпейтін құлама жарда, қиыршық толған жартас қуыстарында, тау баурайымен теңіз деңгейінен 3000 м биіктікке дейін көтеріледі. Қызғалдақ өсімдігі ылғалды сүймейді.

Ал енді өсіп келе жатқан не өсіп тұрған қызғалдақты жұламын деп, тамырын мүлде құртып жіберуіміз мүмкін. Ол жерден енді қызғалдақтың өсіп шыға қоюы қиын.

Еліміздің, жеріміздің байлығын бірге қорғайық!

**А.ТУРЫСБЕКОВА,**
**Сарқан филиалының экологиялық ағарту инженері.**

# Табиғатты аялайық

Табиғат - адамзат үшін ең құнды тіршілік көзі. Ауа, су, жануар мен өсімдіктердің арқасында қоректеніп, өмір сүріп келеміз. Біздің қоршаған ортаның ластанбай, орман-тоғайдың құлпырып, тіршіліктің қайнар көзі тұтанып тұруы адамдардың қорғауында екені айдан анық. Қазіргі таңда, осындай табиғатты қорғау үшін ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті жұмыс жасайды. Ең басты міндет жануар мен өсімдіктердің азайып, қызыл кітапқа енгізбеуге қарсы күрес жүргізу.

Көгалдандыру жұмыстары күз, көктем мезгілінде орындалса, жаз мезгілінде өрт қауіпсіздігіне қатаң ұстанымдар енгізіледі. Одан бөлек демалушылардың табиғатты албаты қоқыстандыруына тыйым салуға құқылы. Орман-тоғайдың тағы бір жауы - ағаштарды отау. Бұрындары ормандар отынға, құрылысқа деп еркін оталып келген. Сондай бейберекет әрекеттің арқасында ормандар біршама ауытқуға түсіп, климатқа әсерін тигізді. Ағаштарды рұқсатсыз кескені үшін енді айыппұл салынып, қатаң талаптар қойылды. Жан-жанурдың да құқығы сақталып, атуға шектеу бар.

Қазақстан жер ресурстары бай болғанымен, орманның алып жатқан бөлігі 4,2 пайызды ғана құрайды. Сондықтан қазірден бастап, жаппай көгалдандыру жұмысымен айналысып, қатаң тәртіпті ұстана отырып жұмыс жасауымыз керек.

Орманның көп болуы экологияны тазартып, ғасырдан ғасырға тіршілік ету үшін бірден-бір алтын қазынамыз. Орынсыз қолданудың арты құрғақшылық пен табиғи апаттарға әкеп соғары анық. Сондықтан тек ғана орман шаруашылығының қызметі деп бейжай қарауға болмайды. Жер Анадан нәр алып, мөлдір су мен таза ауада дем алу, болашаққа ну орман қалдыру әркімнің парызы. Табиғат біздің өмір сүруіміздің кепілі. Қолда бар алтынның қадірін білейік.

**Е.СМАГУЛОВ,**
**Бөрлітөбе ОШКММ-нің**
**Көкжиде орманшылығының №23**
**айналымның орман-күтушісі.**

# Энергетика саласын дамытудағы маңызды қадам



Қазақстанда атом электр станциясын салу еліміздің энергетика саласын дамыту және оны тұрақты электрмен қамтамасыз ету үшін маңызды қадам бола алады. Ол сондай-ақ атом энергетикасы саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге көмектесе алады.

Қазақстанның айтарлықтай уран қоры бар, бұл оны атом электр станциясын салу үшін тартымды орынға айналдырады. Сонымен қатар, елде атомдық технология бойынша тәжірибе бар, бұл зауытты салу және пайдалану үдерісін жеделдете алады.

Атом электр станциялары электр станцияларының кейбір басқа түрлерімен салыстырғанда энергияның экологиялық таза көзіне айналуы мүмкін. Олар парниктік газдар шығарындыларын азайтуға және елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға көмектесе алады. Заманауи технологиялар апаттар мен олардың зардаптарының ықтималдығын төмендететін қауіпсіздік деңгейі жоғары атом электр станцияларын салуға мүмкіндік береді.

Атом электр станциясының құрылысы – ұзақ жылдар бойы еліміздің дамуы үшін тұрақты энергетикалық базаны қамтамасыз ете алатын ұзақ мерзімді жоба. Қазақстанның атом энергетикасын дамытуға қатысуы еліміздің әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялануына және халықаралық нарықтағы позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

**Айдос ИСАДЫКОВ,**
**Қазақстан Республикасы энергетика министрлігі**
**Ядролық физика институтының зертхана меңгерушісі.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ/ОБЪЯВЛЕНИЕ

►**Көлемі 18 сотық коммерциялық жер сатылады.** Құжаттары дайын. Сарқан қаласында орталықтан қашық емес, бизнес жүргізуге қолайлы жерде, Абай мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан. 12 қанатты үлкен қазақ үй және 8 қанатты кіші қазақ үй, 30 шаршы метрлі тапшандар, 40 шаршы метрлі беседка, әжетханасы бар.

Қасында үйі де бар. Екі жерге тартылған суы, көлік тұрағы, түгелдей қоршалған жер жазда кәсіп ашуға немесе дүкен салуға өте ыңғайлы. **Бағасы 22 млн теңге, келісім бар. Мына телефондарға хабарласыңыздар: 8702 1945120, 8777 3742851, 87018513026.**

## *Сен туған күн, мерекең мен!*



Талдықорған қаласының тұрғыны **Әділбекова Файза Төребекқызын** туған күнімен құттықтаймыз!

Файза туған күніңіз құтты болсын! Жастайыңыздан жақсылыққа құмар болдыңыз, зооветтехникумын бітіріп, білікті бухгалтер атандыңыз, екі ұл, бір қызды жетілдіріп, кәсібіңізді дөңгелетіп, еңбегіңіздің игілігін көріп келесіз. Нұрланыңыз, Нұржаныңыз, Дианаңыз ақ сүтіңізді ақтап, адал азамат болды. Бүгін, міне, еңбегіңіздің зейнетін көретін кезеңге жеттіңіз. Өміріңіз өрісті болсын, зор денсаулық, мол бақыт тілейміз. Бала-шағаңыздың қызығын көріп мағыналы ғұмыр кешуіңізге шын жүректен тілектеспіз.

**Ізгі тілекпен: бөлелеріңіз.**

## Аудан тұрғындарының назарына!

Құрметті сарқандықтар! Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында қыркүйектің 28-і күні Төлегетай бабамыздың рухына бағышталған дәстүрлі асты Жетісу облысындағы баба ұрпақтары ұйымдастыруда. Осыған орай баба кесенесіне барып тәу етуге ниет білдіргендер үшін Сарқан аудандық жолаушылар тасымалдау кәсіпорны - "Қанатжан и Ко" ЖШС-і жағдайлы автобус бөліп отыр.

Асқа бағыт алған арнайы автобус сапарға қыркүйектің 26-сы күні кешкі сағат 21.00-де шығады. Сарқаннан, Ақсу ауданынан, Талдықорған қаласынан үлкен мақсат бастарын біріктірген ағайындар осы сапарда Арыстанбаб әулиенің басына түнеп, Қожа-Ахмет Яссауи кесенесіне зиярат етіп, бабамыз мәңгі қоныс тапқан Жаңақорған кентінде ауқымды іс-шараның ортасында болады.

Автобустың барып-келу шығыны бір адам үшін 22000 теңге. Сапарға ниет білдіргендердің аудандық автобекет кассасынан алдын ала билет алуына мүмкіндік бар.

***Анықтама телефоны: 8 701 7542204.***



## ХАБАРЛАНДЫРУ

16.10.2024 ж., сағат 11.00-де: Жетісу облысы, Сарқан қаласы, Қойбағаров №2 мекенжайы бойынша, "Ақ-бұлақ Өнім" ЖШС кеңсесінің ғимаратында "Ақ-бұлақ Өнім" ЖШС "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі үшін "қоршаған ортаны қорғау" бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Әсер ету учаскесі мен аумағының географиялық координаттары: 450236,13//сш 79055,37,1//вд. Онлайн конференцияға сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/84369516146?pwd=Y2LqhIAaUIlvaHPucYQHiwKFSKVN CN.1

Конференция идентификаторы: 843 6951 6146

Кіру коды: e8pbQw

Карантин немесе ТЖ жағдайында қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының 31-тармағына сәйкес қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Ақ-бұлақ Өнім" ЖШС, Жетісу облысы, Сарқан қаласы, Қойбағаров №2., БСН 110940004493, тел. 87015003867, e-mail: Ak_bulak06@mail.ru

Әзірлеуші: "Экология" ЖК, тел. 87773433466. Талдықорған қаласы, Назарбаев көшесі 120/50, ЖСН 841124401600 e-mail:Afanasieva_olga@mail.ru.

Жоба материалдарымен сайттан танысуға болады: ecoportal.kz.

"Жетісу облысының Табиғи ресурстар басқармасы" ММ, тел. 8 (7282) 32-92-67, e-mail:. zhumadilova.kamshat@mail.ru, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26.

ЖАО сайтына сілтеме https://ecoportal.kz және бастамашының сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Ескертулер мен ұсыныстар сайтта қабылданады: ecoportal.kz. "Жарияланған тыңдаулар" және e-mail айдарында: zhumadilova.kamshat@mail.ru.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

16.10.2024 г, в 11.00 часов, по адресу: область Жетісу, г.Саркан, Койбагарова №2, в здании офиса ТОО «Ак-Булак продукт», будут проводиться общественные слушания по Разделу «Охраны окружающей среды» для Раздел «Охраны окружающей среды» ТОО «Ак-Булак продукт» область Жетісу г. Саркан.

Географические координаты участка и территории воздействия: 45023 6,13// сш 79055,37,1//вд. Ссылка на онлайн конференцию: https://us05web.zoom.us/j/84369516146?pwd=Y2LqhIAaUIlvaHPucYQHiwKFSKVN CN.1

Идентификатор конференции: 843 6951 6146

Код доступа: e8pbQw

В случае карантина или ЧС согласно п.31 Правил проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся в онлайн режиме.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Ак-Булак продукт», Область Жетісу г. Саркан, Койбагарова №2., БИН 110940004493, тел. 87015003867, e-mail: Ak_bulak06@mail.ru

Разработчик: ИП «Экология», тел. 87773433466. г. Талдыкорган, ул.Назарбаева 120/50, ИИН 841124401600 e-mail:Afanasieva_olga@mail.ru.

Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: ecoportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов области Жетісу», Тел. 8 (7282) 32-92-67, e-mail:. zhumadilova.kamshat@mail.ru, г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 26.

Ссылка на сайт МИО https://ecoportal.kz и на сайте инициатора https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural?lang=ru.

Замечания и предложения принимаются на сайте: ecoportal.kz. в рубрике "Опубликованные слушания" и e-mail: zhumadilova.kamshat@mail.ru.

SARQAN

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Құрылтайшысы: "Сарқан газеті" ЖШС директоры ИГІМАН Жомарт Мақатұлы
Бас редактор: ЖЕҢІСХАН Партия

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы: 041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail: igiman01@mail.ru

Таралымы: 3012
Осы шығарылымның таралымы: 3012
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.